

Л 2005
2600 ₮

КАЗІРГІ
ҚАЗАҚ
ПОЭЗИЯСЫ

Ханбибі Есенқарақызы

*Ай шаңдағы
бозарын*





КАЗІРГІ
ҚАЗАҚ
ПОЭЗИЯСЫ

Ханбиі Есенқарақызы

*Ай шуады
бозарып*

Өлеңдер

шешуденст нағең жаңылдаған түннен
төккәж піссең аымасы көзінедін орта
шешуденст нағең жаңылдаған түннен орта
шешуденст нағең жаңылдаған түннен орта



Алматы
«Жазушы»
2004

ББК 84 Қаз 7-5

E 79

*Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің
багдарламасы бойынша шығарылып отыр.*

Есенқарақызы Х.

**E 79 Ай туады бозарыт: Өлеңдер.—Алматы: Жазушы,
2004. — 192 бет.**

ISBN 9965-701-49-0

Ақынның бұл кітабына кейінгі жылдары жазған таңдаулы лирикалық өлеңдері енді. Бұл туындыларға қоғамда болып жатқан ізгі өзгерістер арқау болған. Әсіресе, ақын өзі өмір сүріп жатқан Онтүстік Қазақстан өнірін тебірене жырлайды. Киелі мекендерге бай Көкшетау, Манғыстау топырағында тұған туындылар да өсерлі сезімге бөлейді.

E **4702250202-043** **402(05)-04** **күлақтандырусыз — 2004** **ББК 84 Қаз 7-5**

ISBN 9965-701-49-0

© «Жазушы» баспасы, 2004

АЙ ТУАДЫ БОЗАРЫП

* * *

Айтатыным, жазатыным — тек шыным,
Елден, жұрттан жасыратын жоқ сырым!
Аялайды бірі демеп, ал бірі¹
Үнатады қайрылғанын топшынын.

Құліп көрдім. Жарасқан соң қонымды,
Жылап, көндім. Жасырғам жоқ онымды.
Жармасқам жоқ тұлпарлардың жалына,
Жалғасқам жоқ сактау үшін орынды!

Құлагерді тұяғынан қақпадым,
Тентек болсын, Ақандарды жақтадым.
«Мынау ісім қалай болар екен?» деп,
Мықтылардың касы-көзін бакпадым!

Кейбіреулер судан шығып құрғақ-ак,
Екі шоқып, жан-жағына бір қарап...
«Елім, жерім, тілім», — дейді, көлгірсіп,
Жайлышты орынға жеткенінше сырғанап...

Бояулардың көбін көрді бұл басым,
Шындықты айтсам — кетті өкпелеп құрдастым.
Өзге тілге жалға берген ауыздың
Күні бітпес, құдай шындалап ұргасын!

Сұрауы жоқ «жергілікті халықтың»,
Құрғақ сөзді айта-айта жалықтым.
Наркоспаққа бағалаған ағалар
Кетті айналып, артын бағып әліптің!

Қасиетін мойныма ілген тұмардың,
Қасіретін туған елдің ұғармын!
Өз ұлты үшін құрбандыққа бас тіккен
Сәкендерден өулие емес шығармын!!!

* * *

Жыр додада шоғырланған, тайпалған
Озбасам да, сол дүбірде бармын мен.
Кеудемдегі көк теңіздің шайқалған
Тамшысына бұл күндері зармын мен!

Жол таппады, көzsіз – көбім – сағырым,
Күнін кешіп қайрандағы балықтын.
Ұфына алмай дербестіктің қадірін,
Ұқтырмады қатар келген нарық бұл!

Бәрі-бәрі жекеленген заманда,
Бірін бірі жетелеген заманда
Құнсызданған ақшасындай Кеңестің
Құның жоқ деп айту киын адамға!

Асая түрмис салып тізе, бектерге,
Құн кешуде салмай назар жақынға.
Ғажап еken бейімделгіш бектерге,
Азап еken айтары бар ақынға!

Көніл көзі керек мұны көруге –
Жоқ қайыршы! Бар алақан жайғандар!
Бүгінгі өмір – атпай, аспай өлу де,
Бүгінгі өмір – мылтығы жоқ майдандар!

ЖАН АЙҚАЙЫМ, БАБАМ, САҒАН ЖЕТЕ МЕ?

Кеш, бабам, аруағынды ойға алмаймын,
Жаныма қайғы-мұнды жайғандаймын.
Айырылған қайта-қайта қаймағынан
Көк сүттен үйытылған айрандаймын.

Шабактай жағадағы қайрандаймын,
Бәріне үйренгенмін, таңданбаймын,
Шөлдеген өз-Аралдың сор тұзындай,
Өз сүйн өзі ішіп қойғандаймын!

Ұмыттым тілімді де, ділімді де,
Мәнгүрттік – бойымдағы мінім, мінебе!

Мал бактым,
Темір міндім – «шыкты мүйіз»...
Өзгергітім әйелге тән түрімді де,
Бүгінгі, қайран бабам, күнім міне!

Тұсаулы шабанымды қамшыладым,
Ғасырдың жасы болып тамшыладым,
Сөйлеуге өз тілімде біреулердің
Алдына иіліп кеп, заң сұрадым.

О баста болмаған соң ақыл-айла,
Тандайым бал жесем де татымайды, ә?
Көп екен ішегіне қылыш тыққан,
Таппадым досы қайда, жаты қайда?

Берсөң – алар. Біреулер «көп» демейді,
Мініп алып желкене, өкпелейді.
Атымтайым – жомартым, жүрегіне
Дарқандығын дақ салып кетпегей-ди!

Өзегі жок, тілі жок ойланбаған,
Қабағынды қайтейін жайрандаған.
Өзгелердің табар ек емін іздеп,
Мен өзімді қайтемін, қайран бабам!

ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ

Кеш мені, кең дүние құтын берген,
Тұратын арпалыс пен бітімдерден,
Жаңымнан іздеп мені, тапассындар,
Түгелдей «қайта құрып» бүтінделген!

Әдет боп үйқылы-ояу жүру деген...
Жарқ етем жасындаі бол ілуде мен...
Замандас! Дәстүр ме бұл, түсінбедім,
Откенге өршелене үру деген!

Дұрысын дұрыс десек тұралатпай,
Жалына қол тигізбес құлан-аттай.
Өзіміз басқан ізге түкіреміз
Артына тастап қашқан құмалақтай.

Таныттық, кесек атып, басымдылық,
Жылайтын сияқты өмір жасын бүгіп.
Тұрғандай қадам жерде, сынай бізді,
Болашақ қолтығына тасын тығып.

Көбік сөз. Көп уәде қалсын дегем,
Бетінде тиянақ жоқ ар сіңбеген...
Ертең кеш, бүгін айтам: осып жібер
Жонымнан сегіз өрім қамшыңменен!

* * *

Өлгендерді жоқтауменен,
Тірілерді таптауменен,
Өтіп бара жатыр өмір,
Өзін-өзі актауменен.

Шабақ құған жайындеймыз,
Ешиңдерден тайынбайды.
Ертеңінен үміт еткен,
Дәрменсіздей мойындеймыз.

Күннен-күнге қыын болған,
Күнде-күнде жиын болған.
Жиналыстар тамақ болған,
Жиналыстар киім болған.

Өмірге де, қогамға да,
Тамаққа да, тағамға да
Қымбат баға қосылып түр,
Арзандаған адам ғана.

Соқыр көздің тамшылары,
Өлшеулі өмір жаншылады.
Қысылғанда тер шығатын
Мандаіындан қан шығады.

Қыш ғасырын, тас ғасырын
Айтпай бізге басқа сырын,
Босағада ұлып түр ма
Аш қасқырдай аш ғасырын?

Өмірге өгей өтініңіз,
Болмаған соң өтіміңіз.
«Тоқыраудың» сәбиі едік,
«Жаңарудың» жетіміңіз...

АБАЙ

...«*гылым, еңбек, терең ой,*
Қанагат, рақым, ойлан қой,
Бес асыл іс көнсеңіз...»

Абай.

Сен айтқанмен білімді,
Мен айтқанмен білімді,
Білім – шабақ, нарықтың
Қармағына ілінді.

Есеп үйрен қолға алып,
Айланменен қорғанып...
Жүдеп жатыр білімді,
Білімсіздер жонданып.

Таза сақтап арынды,
Баға алмассын жанынды.
Терлеп еткен еңбегін
Тойдырмайды қарынды!

Ұлығың да саудагер,
Құлығың да саудагер.
Қанағатың қашты алыс,
Құныққан соң пайдагер.

Рақымды кім ойлар,
Бұл акылды кім ойлар,
Бірін бірі өлтіріп
Жатқан кезде жұбайлар?

Абай ата, кеш мені,
Сөз санамнан өшпеді.

Нәпакамды табар ем,
Ұстаптай жүр естегі...

Адастырап ақылдан
Жаулап алды керең ой.
Өзің айтқан нақылдан
Калды жалғыз терең ой...

* * *

Той болады. Көл-көсір той болады,
Киіз үйге толтырып айналаны.
Сол ауылдың баласы батыл сөйлеп,
Сол рудың ақыны бәйге алады.

Көнілінді көп жайға бұрғызады,
Өтірікке шындықты ұрғызады.
Дай-дай болып бөлінген рушылдар
Бір ауылға үш мешіт тұрғызады.

Іске батыл болғанмен, ойға шорқақ,
Емес пе еді жақсының аты да ортақ.
Бөлінуге келгенде бәрі шебер,
Бірігуге келгенде бәрі жалтақ!

Отырғызып дербес ел талшыбығын,
Аяласақ жарасар әр шыбығын.
Ірі қазақ болуға, кім білдірер,
Ұлы қазақ болуға қарсылығын!

Сүйінетін дос түгіл, жатымыз да,
Өрге қашан домалар тасымыз да.
Аскындырып ауруды алсақ бүгін,
Көнбейді ертең көздегі жасымызға!

* * *

«Шындық қайда, әділдік қайда?»— дедін,
Бұл сауалды өзім де ойлап едім.

Әкімдері – сырғактау, елі – көнбіс,
Шындықты іздең қайтеді қайран елім!

Жас баладай көп ойлар шетінеді,
Ернеуіне өмір – көл жетіп едім.
Қағып алып, лақтырды қайраңына,
От жалаған шәйідей сөтінедім.

Өлең жаздым, жесем де жырдан таяқ,
Бар жақсылық алдымда түрғандай-ак.
Менен неге сұрайды жоғалғанын,
Сол шындықты жолдан мен бүрғандай-ак!

Тонған көніл қалтырап, дірдектеген,
Ілескенмен амалсыз дүрмекке мен.
Тонның ішкі бауында бола алмадым,
Сиқырланған, сыздаған, күлмекке мен!

Асаулығын өмірдің бастан ұрып,
Әділдік пен шындыққа бастады үміт...
«Шындық дәмі – ашы екен, кермексін!» – деп,
Шырт түкіріп, езуден тастады жұрт!

* * *

Өлеңімді оқыдым аскандарға,
Өзін биік санайтын аспандарға.
Өлеңімді оқыдым куғандарға,
Өлеңімді оқыдым қашқандарға.

Ішкіштерің оқыды өлеңімді,
Ішкі істерің зерттеді теренімді.
Кердендеген біреулер лыпыл қақты,
Әншійінде алмайтын сөлемінді.

Өлеңімді оқыдым іргелі елге,
Іргелі елге – жағдайым бір келер ме?
«Ат жақсысы, – деген бар, – арбаларда,
Адамдардың жақсысы – түрмелерде».

Тағы оқимын өлеңді, аланда ма,
Оқып болмай, жырымды жамандама!
Өлеңімді оқимын, әлі қанша,
Қарсылысы жоқ жетім – «командаға»!

Зауыттарға оқимын жекеленген,
Жетесізге оқимын жетеленген.
Опасы жоқ оқимын уақытқа,
Жұлдыздайын құйрықты өте берген!

Ажалы жоқ сөз – өнер күнін көрер,
Әлденеден ет жүрек тілімденер.
Мен ғарыштан оқыр ем өлеңімді,
«Байқонырым» түсінсе, тілімді егер!..

АҚЫН РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

*«Oh, қандай жақсы болды туылғаным
Адамдарда жүрек бар кезінде мен».*

Т. Айбергенов.

Жас жүрек, таптың екен қалай тыным,
Өмірден сол болды ма қалайтының?
Бір кезде жүрексіздер қауымы орнап,
Білдің бе бірін-бірі талайтынын?

Сен жоксың, тәуірлердің кетті көбі,
Жаңғырып, Жаңарудың жетті лебі.
Шындықтың мәні осылай деген қулар
Құласа бірін-бірі деп тіледі...

Соқпақтай екі ауылға төсемеген,
Көбейді кеуде қаққан көсем деген.
Амалдап алып жатты кек қайтарып,
Кімдерге кетті менің есем деген.

Біреуді өсіргенде қолға салды,
Біреуді өшіргенде қолға салды.
Азғындал, кеткен ата аруағының
Кураған сүйегіне таңба салды.

Апымай, заманымның талғамы жок,
Ішінде зиялышты арманы көп.
Мактады өзін өзі өгіз тентек,
Басында көк бақырдай салмағы жок.

Атанаң ақсақалды ары кетті,
Әйелден енші алысып, жары кетті.
Жігер жоқ жігітінде, қызда – қылық,
Ағатай, несін айтам, бәрі кетті...

Намысым – тот баспайтын алдаспаным,
Көрдім-ау алдаспанның шаң басқанын.
Оһ, қандай өкінішті адамдардың
Жүргегі жоқ кезінде жер басқаным!

* * *

Біреулердің алдында төменедім,
Жарқылдаң-ақ тұрғанмен өлеңдерім.
Мойыннатпақ тұғілі, корғана алмай,
Үні шықпай, тұншықты дәлелдерім.

Ойпандардың алдында биіктедім,
Ойсыздардың алдында иықты едім.
Сонда дағы көніл – пәс, өзгелдерді
Аспандату үшін тек туып па едім?!

Белсенді-ақпын біреуді қорғаңда,
Қарамастан жар-күзға, орға манда.
Одан артық бақыт жоқ, мен сияқты,
Одан артық бақыт жоқ сорлы адамға!

Бір шуақ жоқ. Жан-жағым бәрі мұздай,
Суып қалған бойдағы қанымыздай.
Тағдырым бар көп ғашық өліп-талып,
Үйленбекен ешбірі кәрі қыздай!

Арсыздыққа санамды билетпеген,
Пысықайлық жолдарын үйретпеген.
Аңы өлеңнің көзінен жас парлатып,
Жетектеген жетімдей сүйреп келем!

Саған сенем, алмас-жыр, торыққанда,
Тұман тұннен бастайсың жарық таңға!
Ақ берендей қорғаның болар ма едім,
Менен басқа авторға жолыққанда!

* * *

Көз алдымда өткенім мен кешегім,
Білдік жүрттың іштей түгел есебін.
Арын таза, қанын таза сақтаған,
Мәрттігіңе бас иемін, Шешенім!

Бас кесілсе, иығымен шындыққа
Жүгінетін қайсар халық сүмдышқа па?
Сұранбайтын өзгелердей құлдыққа
Осы біз де «Көкбөріден» тудық па?

Аюдайын жығылатын намазға
таяқпенен,
Таяқ жеген жан аз ба?
Дербеспіз деп күпінеміз әлі біз,
Сол дербестік қазірше тек қағазда!

«Иисустай тақтайшаға керілген
Өкшем тиер үлес қалмай жерімнен»,—
Деп айтар ем, ана тілім тағы жоқ,
Ауызым да арендаға берілген...

Ана тілім тандайыма жабыскан,
Өзге тілдер көмейімде табыскан.
Тірі тышқан — тіршілігім шырылдар,
Ар-иманым — ажал құшқан арыстан!

* * *

Естілерді есер деп,
Есі жоқты «көсем» деп,
Таным беріп тарихтан
Бізді үйреткен «шешен» көп.

Көленкені күнгей деп,
Жібектерді «жұн» ғой деп,
Көрер көзге жаңылдық,
Бес саусақты бірдей деп.

Өзімізді таппадық,
Өзгелерді жаттадық.
Надан десе, бас шұлғып,
Саясатты сақтадық.

Жүсіпбекті білмедік,
Мағжанды көзге ілмедік.
Аланы көп көнілді
Алға қарай сүйредік.

Сөз сөйлемдік нығарлап,
Тілімізді шұбарлап.
Салт-дәстүрді ұмыттық
Қастерлейтін тұмарлап.

Байдың бәрі жаман деп,
Кедей біткен адам деп,
Дала деген ескі деп,
Кала деген қамал деп...

Тоты құстай сайрадық,
Дайын оймен ойладық.
Дайын жолмен жүрдік те,
Дайын асқа тоймадық!

О, ағайын, кез бүгін,
Ойың – алмас кездігің.
Сыналатын сәт келді
Ерлігің мен ездігің!..

* * *

Санам менің жетпеді
Өткеніме баруга.
Бағам менің жетпеді
Келімsectі алуға.

Алтыным да жетпеді
Айдаһарға тығуға.
Жаркылым да жетпеді
Жана күн боп шығуға.

Қауқарым да жетпеді
Әділдігін сөйлеуге.
Ауналым да жетпеді
Ағайынға «кел» деуге.

Иіруге келмейтін
Үзік-үзік ойым да.
Иілуге көнбейтін
Не жазық бар мойында?

Бөгенбай мен Қабанбай,
Бұлдырайсың қиядан.
Зәбір көрген даламдай
Ұрлағымнан ұялам.

Аз болғандай алғаны,
Жайын ауыз жалмады.
Тоқымдай жер қалмады,
Такымына толмады.

Санамды да биледі,
Даламды да биледі.
Жалын жұтып, өрт ішкен
Өңешім де күймеді.

Көл домалап көзімнен,
Ұрлағынмын езілген.
Колда, баба рухы,
Өтінемін өзіннен!

ҚАРЛЫҒАШЫМ, ҰЯҢ СЕНИҢ БИЛКТЕ

Карлығашы жанымның -- өлендерім,
Ұясына бір соғып, келер дедім.
Сағынады сарғая, көзден ұшып
Үміт деген кеудемде өлерменім.

Оралмадын. Ұян бос. Толқытады,
Сенсіз өмір қөнілсіз. Жарты тағы.
Жас балалар тасымен атар-ау деп,
Аш баланың кесегі қорқытады.

Ұян сенің биікте, қарлығашым,
Неге салдым биікке, жарлы басым?
Биік жерге алдымен жел жетеді,
Күн шалады биіктің қарлы басын.

Дауыл соқса, биікті құлатады,
Күн ысыса, тауынды жылатады.
Иір бұтақ еменге берген өмір
Кайшылықты неліктен ұнатады?

Тайын озса, куанар қай ағайын?
Аман болсын, бәрібір, бар ағайын.
Қалғып кетсем егерде, қарлығашым,
Канатынмен желпіші, оянайын!

* * *

Ағарттың ғой самайды деп,
Күнді босқа күйдірмегін.
Жыртығынды жамаймын деп,
Бүтінінді бүлдірмегін...

Желтоксанның парқын қазір
Ойлан! Қаның қанша ағылды?
Керек етпес, халқың қазір
Қажет етпес мансабынды!

Арың қайда, айбат қайда,
Жас үзілген қайрат қайда?
Тұлан тұтып, көздеріне
Қан құйылып, ойлатпай ма?

Жалғыз мансап ауызында,
Бір-бірінді мақтайсындар.
Бүр жармаған қауызында

Кыршын кеткен бауырының
Канын қалай ақтайдындар?!

Көк езумен, көбік сөзбен
Ел намысын жыртасың ба?
Сорлы қазақ, көніп-төзген,
Каны қатып құйқасында.

Жатқа қор боп түрткілеген,
Тағы құлкі боламыз ба?
Қашан бітер іріткі деген,
Саңылау бар ма санамызда!

Сырты – бүтін, іші – күйік,
Қай халық ол? Білер едін.
Сөзі – тәмен, ісі – биік
Болсақ деп мен тілер едім...

ҰЛТ МІНЕЗІ

Арғынбай Күмісбековке

Қырық жылдай өз әкем ой баққан-ды,
Өкіл әкем қырық жыл қой баққан-ды.
Ой мен қойдың сырына жатық сезім
Теперішін тағдырдың ойлатқан-ды.

Шырқалғанмен шарықтап «Шопан әні»,
Шыр-шыр етіп көз жасым боталады.
Онай емес қой бағу, болады оның
Көксөқканы, қотыры, топалаңы...

Сағатпенен санасып жүрмесе де,
Қырау түсіп қара шаш гүлдесе де,
Қайыстай боп қалмады қой сонынан,
Оны кімнің жейтінін білмесе де...

Касқыр шапса, ішілмей асың қалды,
Көк шекеден сілейтіп басынғанды.
Көксүңгіде мұртының мұзын сілкіп,
Асырады ұлық пен шашылғанды.

«Кісі елінде кісілік құрмас тұлға»—
Мұнын айтып өзіндей құрдас — құлға,
Амалдады аузынан жырып беріп
Бір қасқырдың жемтігін бір қасқырға!

О бастан-ақ ойлайтын жан мұратын,
Жанын жалдап, таңынды таңға үратын.
Ұлт мінез-ай, қонаққа барын беріп,
Қара шаймен өзегін талдыратын...

Бәрін бірдей санайтын жер төсінде,
Жалған жалын болмайтын ер төсінде.
Кимайтынға сыйлап ап жалғыз атын,
Өзі жаяу қалатын ертесінде.

Тұзге өткізіп қойған бір малы бардай,
Оскырынып қарайтын тағылардай.
Бабын тапсақ келімсек-корқаулардың,
Етегіміз ашылған жабылардай...

Тағы қайда пек жаным ұрынасын,
Тағы кімдер тағады жырыма сын?
Ашаршылық кезінде аяды кім?
Аштық болса, тағы да қырыласын...

Бетін аулақ қыла гөр, жаратқаным,
Босқындарға үргізіп, талатқаның,
Көрпесіне көслер күн туар ма,
Шақырусыз жосыған «қонақтарым»?

Атқактатып бақыттың мол бұлағын,
Деген еді талайлар: «тең қыламын».
Құле қарап тұрғандай енді бізге
Оң қолымен қасыған сол құлағын...

* * *

Күрмелгенмен қаламым,
Бір айтарға жарадым.
Ақындықтың жарасын
Әкімдікпен жаладым.

Мынау тұлкі заманан,
Кімдер кімді аяған?
Адам-Ата оққа ұшып,
Жараланған Хая-Анан.

Сенгенімен сағымға,
Ілеспеген ағымға.
Ақын жүрек – жаралы,
Қансырайды тағында!

Аласұрып айлаға,
Басбұргандар пайдага
Өз бетінің қисығын
Жауып жүр ғой айнаға!

Айға аузын білеуде,
Аспанынды тіреуде.
Жаққысы кеп тұрады
Өз күйесін біреуге...

Көйлегінің көктігі,
Тамағының тоқтығы –
Ойлайтыны тек қана,
Жұртпен ісі жок, тұғі!

Ататындаі әзер тан,
Қайда кеткен наз ортам?
Кірлеп кеткен қоғамды
Өлеңіммен тазартам!

* * *

Мұқағали!
Жақсы өлдін, кезінде өлдін,
Әлі жүрмін сүйретіп көнтерімді.
Быт-шыт болған терезе – сезімдердін
Көз алдында дұние төңкерілді!

Найзағай!
Жарқылдаған қияғында,
Қарт емен аман қалып, қайынды атқан.

Жап-жассың талайлардың қиялында.
Талантсың! Оны өлімің мойындаған!

Тірінде бір ашпадың тұндігінді,
Жанына шуақ төккен қайғы апарып.
Өлген соң, білмедің-ау кімдігінді,
Касына Хантәнірдің қойды апарып!

Кезінде сөлем алмас топтар болды,
Елемей, жаздың өлең күн-түн қатып...
Сағынайдың асындаі көкпар болды,
Шалқөденін жайлауын былқылдатып.

Мұқағали!

Жақсы өлдін, кезінде өлдін,
Әлі жүрмін сүйретіп көнгерімді.
Быт-шығ болған терезе – сезімдердің
Көз алдында дүние төнкерілді...

* * *

Теңіздерге атын берген арықтын,
Бишікештер мінезіне қанықлын.
Кеудесінде оты жанған тамұқтын
Қызыл өмір,
Қызығыннан жалықтым.

Жылтырақ сөз, жалыны жоқ кештерден,
Сырты сұлу, іші алапестерден
Жалықтым мен, аяғы бар, басы жоқ
Бәсекелестерден.

У-шуынан сүр қаланың жалықтым,
Өзімді емес, өзгени ойлап, қамықтым.
Қамын жедім қорғансыздау халықтын,
Бұл да бірі белгілі бес анықтын.

Өзіме аян бойымдағы бес қару –
Бала,
Жарым,
Қоғамдағы ой – өнім.

Талант... және бір кездегі есті Ару,
Осы менің өмірдерек – баяным.

Берсем, бердім. Алғаным жок ешкімнен,
Қадірімді билетіндер кеш білген...
Үйрду-дырду өмір көші, не дейсін,
Жапандағы жалғыз үйге көштім мен!?

* * *

Ай туады бозарып,
Күн шығады қызырып.
Бұлт торлаған көңілім
Қалсын мұндан тазарып,
Айналайын, Бозарық!

Күміс суға шомылдыр,
Жібек желмен аймала.
Алтын сөуле төгілдір,
Аппақ болсын айнала.
Қарағандай күй кештім
Әдемі қыз айнаға!

Жасыл шалғын кілемі,
Қарататудың сілемі
Шұғыласын жайып кеп,
Маңдайымнан сүйеді,
Жер екенсің киелі.

Бозарықта боз дала,
Боз отауды тіктім мен.
Бозала таң атырып,
Боз үмітпен күттім мен.
Мен іздеген боз жігіт
Өмірде жок, ұқтым мен!..

* * *

Айдалада ақ отау,
Алақандай бау-бағы.
Сүттей ұйып тұн тұрды,
Алынбаған каймағы.
Әппақ өуіз құлпырды,
Алтын балық аунады.
«Жарқ етпес қара көнілге»
Ай нұрын төгіп қоймады...
Алқоныр гүл раушан
Алауланып, жайнады.
Гүлге қонған бұлбұл құс
Шабыттанып, сайдады.
Үміт — жігіт ақбозын
Босағаға байлады.
Өмір деген айлалы...
Көнілдің жок байламы.

Алма арудың бетіне
Алмұрт жігіт үнілді.
Қызыл алма шетіне
Қызырып қан жүгірді.
Қырғауыл — қыз қылымсып,
Үміт — итке ұнап тұр.
Иран бактың ішінде
Ибалы қыз жылап тұр...

* * *

Айбынға бас ұрмаған
Откелсіз кезең едім.
Арыны басылмаған
Бір асау өзен едім!

Ап шықтым сенген елді,
Жанымды қайық етіп,
Шөп-шалам, көлдененді
Толқынмен шайып өтіп!